



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2023 жылдың қазан айындағы
ҚР өңірлеріндегі инфляциялық үрдістер туралы

2023 жылғы 16 қараша

Қазақстан Ұлттық Банкі ҚР аймақтарындағы инфляциялық үрдістер туралы деректі жариялады.

2023 жылғы қазанда елде **жылдық инфляция 10,8%**-ды құрап (қыркүйекте – 11,8%), баяулады. Өңірлер бойынша жылдық инфляция барлық 20 өңірде бәсеңдеді.

Бұл ретте, қазан айында елдегі айлық инфляция 0,7% болды.

Жылдық инфляцияның ең жоғары мәні Ақмола облысында, Солтүстік Қазақстан және Жетісу облыстарында тіркелді.

Қазанда **азық-түлік** тауарларының бағасы 10,4%-ға дейін ж/ж (қыркүйекте – 11,4%) баяулады. Осы топ тауарларының бағасы Ұлытау облысында (14,2%) тез, ал Шымкент қаласында (7,6%) баяу өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны 11,1%-ға дейін ж/ж баяулады (қыркүйекте – 12,1%). Ең жоғары мән Алматы қаласында (12,9%), ал ең төмен мән Ұлытау облысында (8,1%) тіркелді.

Қазанда **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасы 11,0%-ға дейін ж/ж баяулады (қыркүйекте – 11,9%). Бұл ретте жалпы республикалық деңгейден баға Түркістан облысында (15,6%) біршама жоғары, Астана қаласында (7,8%) айтарлықтай төмен өсті.

Толығырақ: <https://www.nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/1977>

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz